

Ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдар қызметінің тиімділігін бағалауға арналған ветеринария саласындағы нысаналы индикаторларды есептеу әдістемесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 11 ақпандағы № 49 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 13 ақпанда № 20031 болып тіркелді.

"Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 46-26) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдар қызметінің тиімділігін бағалауға арналған ветеринария саласындағы нысаналы индикаторларды есептеу әдістемесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық, фитосанитариялық және тамақ қауіпсіздігі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

С. Омаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрлігі

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2020 жылғы 11 ақпандағы
№ 49 бұйрығымен
бекітілген

Ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдар қызметінің тиімділігін бағалауға арналған ветеринария саласындағы нысаналы индикаторларды есептеу әдістемесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдар қызметінің тиімділігін бағалауға арналған ветеринария саласындағы нысаналы индикаторларды есептеу әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 8-бабы 46-26) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Әдістеме ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – ЖАО) қызметінің тиімділігін бағалауға арналған ветеринария саласындағы нысаналы индикаторларды есептеу үшін қолданылады.

Алдағы жоспарланатын жылға ЖАО қызметінің тиімділігін бағалау үшін ветеринария саласындағы нысаналы индикаторларды есептеу жыл сайын ағымдағы жылдың 25 желтоқсанына дейін жүргізіледі.

3. Осы Әдістеменің мақсаты нақты және шынайы мәліметтер алу, тиімді әлеуметтік және экономикалық саясатты жүргізу және ел мен өңірлерді дамыту бағдарламаларын әзірлеу үшін қажетті ветеринарияның даму деңгейі туралы толық және өзекті ақпаратты қалыптастыру болып табылады.

4. Нысаналы индикаторларды есептеудің маңыздылығы ветеринариялық іс-шаралар талдауы мен елдегі және оның өңірлеріндегі қалыптасқан жағдайды бағалаудағы рөліне байланысты.

5. Ветеринария саласындағы уәкілетті органның ведомствосы (бұдан әрі – Ведомство) ЖАО қызметінің тиімділігін бағалау үшін ветеринария саласындағы нысаналы индикаторлардың есебін облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана бөлінісінде жүргізеді.

6. ЖАО қызметінің тиімділігін бағалауға арналған ветеринария саласындағы нысаналы индикаторлардың есептемесі мынадай нысаналы индикаторлар бойынша жүргізіледі:

1) "Ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық актілерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 30 қазандағы № 7-1/559 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9891 болып тіркелген) бекітілген профилактикасы, диагностикасы және жойылуы бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жануарлардың аса қауіпті

ауруларының тізбесіне қосылған жануарлардың аса қауіпті ауруларын диагностикалау үшін профилактика, биологиялық материал сынамаларын іріктеп алу және оларды жеткізу жөніндегі ветеринариялық іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ету;

2) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі іс-шаралар өткізуді ұйымдастыру;

3) берілген ветеринариялық анықтамалар туралы мәліметтерді ақпараттық жүйесіне енгізу;

4) мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарды ветеринария саласындағы мамандармен жинақтау;

5) мал көмінділерін (биотермиялық шұңқырларды) салуды, реконструкциялауды ұйымдастыру және оларды күтіп-ұстауды қамтамасыз ету.

7. Осы Әдістеменің 6-тармағында көрсетілген барлық нысаналы индикаторларға қол жеткізу 100 балдық жүйе бойынша бағаланады, оның ішінде:

бірінші нысаналы индикатор бойынша – 28 балл (оның ішінде, жануарлардың аса қауіпті ауруларын диагностикалық зерттеу өлшемшарты бойынша 14 балды, жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы профилактикалық вакциналау өлшемшарты бойынша 14 балды құрайды);

екінші нысаналы индикатор бойынша – 20 балл;

үшінші нысаналы индикатор бойынша – 16 балл;

төртінші нысаналы индикатор бойынша – 18 балл;

бесінші нысаналы индикатор бойынша – 18 балл.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 28.10.2020 № 329 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. ЖАО белгіленген нысаналы индикаторларға қол жеткізбеген жағдайда, балдар белгіленген нысаналы индикаторға қол жеткізу пайызына қарай есептеледі (мысалы, егер, мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың ветеринария саласындағы мамандармен жасақталуы жөніндегі нысаналы индикатор 80 пайызды (бұдан әрі – %) құраса, онда осы индикатор бойынша балл тиісінше 14,4 балл ($18 \cdot 80\% = 14,4$) болады, мұндағы 18 – осы Әдістеменің 7-тармағында белгіленген төртінші нысаналы индикатор үшін ең жоғары балл).

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 28.10.2020 № 329 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 25 ақпандағы № 16-07/114 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9342 болып тіркелген) бекітілген әкімшілік деректер: ветеринариялық есепке алу және есептілік нысандары нысаналы индикаторларды есептеу кезінде ақпарат көздері болып табылады.

2-тарау. Ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдар қызметінің тиімділігін бағалауға арналған ветеринария саласындағы нысаналы индикаторлар есептемесі

1-параграф. Уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша жануарлардың аса қауіпті ауруларының профилактикасы, биологиялық материал сынамаларын алу және оларды диагностикалау үшін жеткізу жөніндегі ветеринариялық іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ету

10. Нысаналы индикатор уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша жануарлардың аса қауіпті ауруларының профилактикасы, сондай-ақ биологиялық материал сынамаларын алу және оларды диагностикалау үшін жеткізу жөніндегі ветеринариялық іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етуді мына өлшемшарттар бойынша анықтауға бағытталған:

- 1) жануарлардың аса қауіпті ауруларын диагностикалық зерттеу;
- 2) жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы профилактикалық вакциналау.

11. Жануарлардың аса қауіпті ауруларын диагностикалық зерттеу бойынша өлшемшарттар (бұдан әрі – диагностикалау өлшемшарты) "Жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шараларды жоспарлау және өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 30 маусымдағы № 16-07/332 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9639 болып тіркелген) бекітілген Жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шараларды жоспарлау және өткізу қағидаларына (бұдан әрі – Бұйрық) және Заңның 10-бабы 1-тармағының б) тармақшасы мен 1-1-тармағының б) тармақшасына сәйкес тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша ЖАО бекітетін ветеринариялық іс-шаралар жоспарына (бұдан әрі – Жоспар) сәйкес айқындалады.

12. Диагностикалау өлшемшарты тиісті жылға жануарлардың аса қауіпті ауруларын диагностикалау жоспарында жоспарланған диагностикалық зерттеулердің жиынтық қорытындысы болып табылады және мынадай формула бойынша есептеледі:

$$D = D_1 + D_2 + D_3 + D_4 + \dots + D_n,$$

мұндағы:

D – барлық жоспарланған және ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру дерекқорына енгізуге жататын жануарлардың аса қауіпті ауруларын диагностикалық зерттеулердің жалпы көлемі, (мың зерттеу);

D1,D2,D3,D4.Dn– Жоспарда көзделген жануарлардың әрбір аса қауіпті ауруы бойынша жоспарланған және ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру дерекқорына енгізуге жататын диагностикалық зерттеулердің көлемі, (мың зерттеу).

13. Жоспарланған және ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру дерекқорына енгізуге жататын барлық жануарлардың аса қауіпті ауруларын диагностикалық зерттеулердің жалпы көлемін азайтуды немесе ұлғайтуды көздейтін Жоспар өзгерген кезде Ведомство диагностикалау өлшемшартын түзетеді.

14. Диагностикалау өлшемшарты ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру дерекқорына жануарлардың аса қауіпті ауруларын диагностикалық зерттеулерге енгізу үлесі ретінде анықталады және мынадай формула бойынша есептеледі:

$$DD = \frac{DD_1}{DD_2} \times 100 \%,$$

мұндағы:

DD – ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру дерекқорына жануарлардың аса қауіпті ауруларының диагностикалық зерттеулерін енгізу үлесі, (%);

DD1– ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру дерекқорына енгізілген жануарлардың аса қауіпті ауруларын диагностикалық зерттеулердің саны, (мың зерттеу);

DD2– жануарлардың аса қауіпті ауруларын диагностикалық зерттеулердің нақты саны, (мың зерттеу).

Диагностиканың аталған өлшемшарты 100 % болып айқындалады.

15. Жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы профилактикалық вакциналау жөніндегі өлшемшарт (бұдан әрі – Профилактика өлшемшарты) Бұйрыққа және Жоспарға сәйкес айқындалады.

16. Профилактика өлшемшарты тиісті жылға арналған Профилактика жоспарында жоспарланған жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы профилактикалық вакциналаудың жиынтық қорытындысы болып табылады және мынадай формула бойынша есептеледі:

$$V = V_1 + V_2 + V_3 + V_4 + \dots + V_n,$$

мұндағы:

V – барлық жоспарланған және ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру дерекқорына енгізуге жататын жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы профилактикалық вакциналаудың жалпы көлемі, (мың бас);

V1, V2, V3, V4, Vn, – Профилактика жоспарында көзделген жоспарланған және ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру дерекқорына енгізуге жататын жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы профилактикалық вакциналаудың көлемі, (мың бас).

17. Ведомство профилактика өлшемшартын барлық жоспарланған және ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру дерекқорына енгізуге жататын жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы профилактикалық вакциналаудың жалпы көлемін азайтуды немесе ұлғайтуды көздейтін Жоспар өзгерген кезде түзетеді.

18. Профилактика өлшемшарты ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру дерекқорына жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы профилактикалық вакциналауды енгізу үлесі ретінде айқындалады және мынадай формула бойынша есептеледі:

$$VV = \frac{VV1}{VV2} \times 100 \%,$$

мұндағы:

VV – ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру дерекқорына жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы профилактикалық вакциналауды енгізу үлесі, (%);

VV1 – жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы профилактикалық вакциналау саны, (мың бас);

VV2 – жүргізілген жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы профилактикалық вакциналаудың нақты саны, (мың бас).

Аталған профилактика өлшемшарты 100 % болып айқындалады.

2-параграф. Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөнінде іс-шаралар өткізуді ұйымдастыру

19. Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөнінде іс-шаралар жүргізуді ұйымдастырудың нысаналы индикаторы және ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру дерекқорына енгізуге жататын мәліметтер ЖАО-ның өтінімі бойынша тиісті жылға көзделген ауыл шаруашылығы жануарларының басын бірдейлендіру көлемінің (бұдан әрі – ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендірудің нысаналы индикаторы) негізінде айқындалады.

20. Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендірудің нысаналы индикаторы мынадай формула бойынша есептеледі:

$$I = I_1 + I_2 + I_3 + I_4 + I_5 + I_6,$$

мұндағы:

I – бірдейлендіруге жататын барлық ауыл шаруашылығы жануарлары басының жалпы көлемі, (мың бас);

I1 – бірдейлендіруге жататын ірі қара мал басының көлемі, (мың бас);

I2 – бірдейлендіруге жататын ұсақ мал басының көлемі, (мың бас);

I3 – бірдейлендіруге жататын түйе басының көлемі, (мың бас);

I4 – бірдейлендіруге жататын жылқы басының көлемі, (мың бас);

I5 – бірдейлендіруге жататын шошқа басының көлемі, (мың бас);

I6 – бірдейлендіруге жататын басқа да ауыл шаруашылығы жануарлары басының көлемі, (мың бас).

21. Ведомство ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендірудің нысаналы индикаторын ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендірудің жалпы көлемін азайтуды немесе ұлғайтуды көздейтін деректер өзгерген кезде түзетеді.

22. Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру дерекқоры мен статистикалық дерекқор арасындағы ауыл шаруашылығы жануарлары басы айырмасының нысаналы индикаторы ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру дерекқорындағы ауыл шаруашылығы жануарлары басының деректері мен статистикалық деректер арасындағы айырма ретінде ауыл шаруашылығы жануарларының түрі бойынша айқындалады және мынадай формула бойынша есептеледі:

$$IC = (IC_1 - C_1) + (IC_2 - C_2) + (IC_3 - C_3) + (IC_4 - C_4) + (IC_5 - C_5) + (IC_6 - C_6),$$

мұндағы:

IC – ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру дерекқоры мен статистикалық деректер арасындағы ауыл шаруашылығы жануарлары басының айырмашылығы, (бас);

IC1 – ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру дерекқорындағы ірі қара мал басының саны, (бас);

C1 – статистикалық деректер бойынша ірі қара мал басының нақты саны, (бас);

IC2 – ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру дерекқорындағы ұсақ мал басының саны, (бас);

C2 – статистикалық деректер бойынша ұсақ мал басының нақты саны, (бас);

IC3 – ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру дерекқорындағы түйе басының саны, (бас);

C3 – статистикалық деректер бойынша түйелердің нақты саны, (бас);

IC4 – ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру дерекқорындағы жылқы басының саны, (бас);

C4 – статистикалық деректер бойынша жылқы басының нақты саны, (бас);

IC5 – ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру дерекқорындағы шошқа басының саны, (бас);

C5 – статистикалық деректер бойынша шошқа басының нақты саны, (бас);

IC6 – ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру дерекқорындағы басқа ауыл шаруашылығы жануарлары басының саны, (бас);

C6 – статистикалық деректер бойынша басқа да ауыл шаруашылығы жануарларының нақты саны, (бас).

Аталған нысаналы индикатор ауыл шаруашылығы малдарын бірдейлендіру дерекқоры мен статистикалық дерекқор арасында ауыл шаруашылығы жануарларының басы бойынша мәліметтердің алшақтығы жоқтығын көрсетеді.

3-параграф. Берілген ветеринариялық анықтамалар туралы мәліметтерді ақпараттық жүйесіне енгізу

23. "E-Agriculture" агроөнеркәсіптік кешендегі салаларды басқарудың бірыңғай автоматтандырылған жүйесі" ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі – АЖ) берілген ветеринариялық анықтамалар туралы мәліметтерді, АЖ-дағы ветеринариялық модульге берілген ветеринариялық анықтамалар туралы мәліметтерді енгізудің нысаналы индикаторы тиісті ЖАО құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың ветеринария саласындағы мамандарының енгізу үлесі ретінде анықталады және мынадай формула бойынша есептеледі:

$$VS = \frac{VS1}{VS2} \times 100 \%,$$

мұндағы:

VS – АЖ-ға енгізілген берілген ветеринариялық анықтамалар туралы мәліметтердің үлесі, (%);

VS1– АЖ-ға енгізілген берілген ветеринариялық анықтамалардың саны, (дана);

VS2– берілген ветеринариялық анықтамалар саны, (дана).

Аталған нысаналы индикатор 100 % болып айқындалады.

4-параграф. Мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың ветеринария саласындағы мамандармен жинақталуы

24. Мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың ветеринария саласындағы мамандармен жинақталуының нысаналы индикаторы мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың ветеринария саласындағы мамандармен жасақталуының үлесі ретінде анықталады және мынадай формула бойынша есептеледі:

$$U = \frac{(U1+U2)}{(U3+U4)} \times 100 \%,$$

мұндағы:

U – мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың ветеринария саласындағы мамандармен жинақталу үлесі, (%);

U1 – ЖАО құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарда ветеринария саласында жұмыс істейтін мамандардың нақты саны, (штаттық бірлік);

U2 – ветеринариялық пункттерде ветеринария саласында жұмыс істейтін мамандардың нақты саны, (штаттық бірлік);

U3 – ЖАО құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардағы штаттық кестеге сәйкес ветеринария саласындағы мамандар саны, (штаттық бірлік);

U4 – ветеринариялық пункттердегі штаттық кестеге сәйкес ветеринария саласындағы мамандар саны, (штаттық бірлік).

Аталған нысаналы индикатор 100 % болып айқындалады.

5-параграф. Мал көмінділерін (биотермиялық шұңқырларды) салуды, реконструкциялауды ұйымдастыру және оларды күтіп-ұстауды қамтамасыз ету

25. Мал көмінділерін (биотермиялық шұңқырларды) салуды, реконструкциялауды ұйымдастырудың және оларды күтіп-ұстауды қамтамасыз етудің нысаналы индикаторы мал көмінділерін (биотермиялық шұңқырларды) күтіп-ұстауды, реконструкциялауды қамтамасыз етуге бағытталған және мынадай формула бойынша айқындалады:

$$S = \frac{S_1}{S_2} \times 100 \%,$$

мұндағы:

S – мал көмінділерін (биотермиялық шұңқырларды) күтіп-ұстауды, қайта жаңартуды қамтамасыз ету үлесі, (%);

S1 – күтіп-ұстау, реконструкциялау жүргізілген мал қорымдарының (биотермиялық шұңқырлардың) нақты саны, (бірлік);

S2 – қолда бар мал қорымдарының (биотермиялық шұңқырлардың) саны, (бірлік).

Аталған нысаналы индикатор 100 % болып айқындалады.